

«БЕКІТЕМІН»

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

Мектепке дейінгі және орта білім

беру комитетінің төрағасы

 Г. Кәрімова

2022 жылғы « ____ » _____



**Жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының
арасында «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-
шығармашылық байқауын өткізу
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ережелер.

1. Осы ереже Республикалық жалпы білім беретін оқу орындары оқушыларының арасында өткізілетін «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық байқауын (бұдан әрі—Мағжан оқулары) өткізу тәртібін айқындайды.

2. Байқаудың мақсаты:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын, Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңын іске асыру аясында жалынды ақын Мағжан Жұмабаев мұрасын жас ұрпаққа насихаттау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

Міндеттері:

- өскелең ұрпаққа ақын өмірі мен шығармашылық мұрасын кеңінен таныту;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу, елжандылыққа баулу;
- жаңа буынның интеллектуалдық пайым-парасатын арттыру;
- дарынды оқушыларға қолдау жасау.

3. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысушылар:

3.1. Мағжан оқуларының республикалық кезеңіне облыстық байқаудан жеңіп шыққан мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы орта білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың 7-11-сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Облыстық білім мекемелері жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасынан Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына (әр номинация бойынша 1 оқушы) 3 (үш) үміткер, 1 (бір) жетекші ұсынады. Қатысушының өтінімі әр номинацияның ұсынылған қосымшасы бойынша «Солтүстік Қазақстан облыс әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және

ақпараттық технологиялар орталығы» КММ, magzhan.konkurs@bk.ru электронды поштасына (байланыс телефоны 8(7152) 50-03-73) жіберу керек.

Ескерту. Алдыңғы жылдардағы Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының жеңімпаздары бұл байқауға қатыса алмайды.

«Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының республикалық кезеңі ағымды жылдың **маусым айында** Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласында өтеді.

Ескерту. Байқауға қатысатын оқушылардың дәрігерлік (эпидокружение) анықтамасы міндетті түрде болуы керек.

Облыстық, аудандық, қалалық, мектепшілік Мағжан оқуларын өткізудің нақты мерзімін тиісті білім бөлімдері мен мекеме басшылары белгілейді.

4. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқау шарттары:

Мағжан оқулары үш номинация бойынша өткізіледі:

4.1. «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» – Мағжан шығармаларын жатқа оқу номинациясы (Қатысушы өзі жатқа білетін Мағжан шығармаларының тізімін конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет). *1-қосымша.*

4.2. «Жасынан оқу оқып, өнер құған...» – ғылыми жоба жұмысы (Мағжан Жұмабаевтың шығармалары бойынша зерттеу жұмыстары). *1,2-қосымша.*

4.3. «Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» – жас дарындар номинациясы (Өз шығармаларын орындау. Қатысушы өз шығармаларының жинағын (*кітапша*) конкурс басталғанға дейін ұсынуы қажет). *1-қосымша.*

5. Қаржыландыру

5.1. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының аудандық, қалалық, облыстық кезеңдерін қаржыландыруды тиісті білім органдары жүзеге асырады.

5.2. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысушылардың жолда жүруге байланысты шығындарын жіберіп отырған мекеме көтереді. Сонымен қатар жетекшілердің орналасуы мен тамақ тануы өз есебінен жүзеге асырылады.

5.3. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауына қатысушылардың орналасуын (жатын орын), тамақтануын марапаттау, сыйлықтар алуға байланысты шығындар «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ көтереді.

6. Жұмыс органдары

6.1. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауын дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ «Білім саласындағы әдістемелік жұмыс және ақпараттық технологиялар орталығы» КММ жүзеге асырады.

6.2. Республикалық ұйымдастыру комитетінің мүшелігіне облыстық білім басқармасы, облыстық мекемелердің қызметкерлері, ЖОО ғалымдары, жергілікті басқару органдары енгізілді.

6.3. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының ұйымдастыру комитеті:

- Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауын өткізудің жалпы тәртібін белгілейді;

- тікелей басшылық жасайды, жүзеге асырады;

- Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының қорытындыларына талдау жасайды;

- Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының материалдарын баспасөзде жариялайды.

6.4. Республикалық ұйымдастыру комитетінің төрағасы - облыстық білім басқармасының басшысы.

7. Қазылар алқасы

7.1. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауы қазылар алқасының құрамы төрағадан, хатшыдан және алқа мүшелерінен тұрады.

7.2. Қазылар алқасының төрағасы мен құрамын республикалық ұйымдастыру комитетінің ұсынуы бойынша облыстық білім басқармасының басшысы бекітеді.

7.3. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауы қазылар алқасы:

- қатысушылардың өнеріне талдау жасайды және ұсынылған критерийлер бойынша бағалайды;

- қатысушылардың өнерін бағалаудағы даулы мәселелерді талқылайды және қажет болған жағдайда тиісті түзетулер енгізеді;

- жеңімпаздар анықтайды және жүлделі орындарды белгілейді.

8. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының жұмысын қортындылау және қатысушыларды марапаттау

8.1. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының ашылуы және қатысушыларды марапаттау рәсімі салтанатты түрде өтеді.

8.2. Облыстық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының жеңімпаздары әр номинация бойынша I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

8.3. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауының жеңімпаздары үшін жеті жүлделі орын белгіленеді: **«Бас жүлде»**, 1- бірінші, 2 - екінші, 3- үшінші және қатысушыларға сертификаттар, жүлдегерлер жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі.

8.4. Республикалық «Мағжан оқулары» ғылыми-шығармашылық байқауында **«Жасынан оқу оқып, өнер қуған...»** – ғылыми жоба жұмысы бойынша бір **«Бас жүлде»** тағайындалады.

Конкурсқа қатысушылар туралы өтінім
(кестеге сай ұсынылуы тиіс)

«Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» номинациясы бойынша

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

Жатқа орындайтын шығармалар тізімі:

- 1.
- 2.

«Жасынан оқу оқып, өнер құған...» номинациясы бойынша

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Ғылыми жоба тақырыбы	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты- жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» номинациясы бойынша

№	Оқушының аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)	Сыныбы	Облысы, ауданы, мектебі (толық жазылады)	Дайындаған мұғалімнің аты-жөні (аты-жөні толық жазылады, телефон нөмірі)

Шығарған өлеңдерінің тізімі:

- 1.
- 2.

2-қосымша

4.2. Мағжан оқуларының «Жасынан оқу оқып, өнер құған...» номинациясына қойылатын талаптар.

Зерттеу жобасының құрылымы:

- а) тақырыбы
- ә) өзектілігі
- б) мақсат, міндеттері
- в) әдіс-тәсілдері
- г) жаңашылдығы
- ғ) күтілетін нәтижесі
- д) нәтижені талқылауы, қорытындылауы
- ж) ұсыныстардың берілуі
- з) пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Зерттеуге ұсынылатын өлеңдер:

1. «Атақты ақын - сөзі алтын хакім Абайға»
2. «Өнер - білім қайтсе табылар»
3. «Туған жерім - Сасықкөл»
4. «Сырдағы алашқа»
5. «Мәңгілік ел»
6. «Өткен - аяулы»
7. «Сүйемін»
8. «Шолпы»
9. «Анама»
- 10.«Әже»
- 11.«Жел»
- 12.«От»

Зерттеу жобасына қойылатын талаптар:

- жас зерттеушілер тақырыпқа байланысты ғалымдардың зерттеу еңбектерін цитата түрінде немесе сілтеме жасап қолдануға болады;
- талдаулар бүгінгі күнгі жастардың танымы тұрғысынан ерекшеленуі керек;
- мәселені шешуде автордың өзіндік көзқарасы танылуы керек;
- зерттеу тақырыбының өзектілігі;
- Жұмыс 5 минуттан аспауы тиіс.
- Көлемі – 10-12 бет.